

Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі
«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ
«Дене шынықтыру және бастапқы әскери дайындық» кафедрасы

ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУ БАҒДАРЛАМАСЫ
6B01402-«Алғашқы әскери және технологиялық, дене шынықтыру
дайындық мұғалімі» білім бағдарламасы

Атырау, 2023 жыл

Казакстан Республикасының ғылым және жоғары білім министрлігі
«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ
«Дене шынықтыру және бастапқы әскери дайындық» кафедрасы



ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУ БАҒДАРЛАМАСЫ

6B01402-«Алғашқы әскери және технологиялық, дене шынықтыру дайындық мүгалімі»
білім бағдарламасы студенттері үшін

Бағдарлама білім алушыларды қорытынды аттестаттауды өткізу ережелері негізінде
әзірленген (СМЖ № 025)

Құрастырушылар:
ага оқытушы, магистр Джумагельдиев Э.Т.
п.ғ.к., профессор Арапбаев А.С.

Кафедра мәжілісінде ұсынылған
Хаттама № 6 11.01.2023-нче

Кафедра менгерушісі Арапбаев А.С.Арапбаев

Факультеттің оку-әдістемелік кеңесімен мақұлданған Муханбетжанова А.У.Муханбетжанова
«11 01 2023 ж. Хаттама №9

ОӘК тәрагасы О.Абилова О.Абилова

КЕЛІСІЛДІ
Факультет деканы Муханбетжанова А.У.Муханбетжанова 24 «01»
2023 ж.
ББАСАждқК басшысы Ж.У.Сулейменова Ж.У.Сулейменова «20»
01 2023 ж.

Университеттің оку-әдістемелік кеңесімен мақұлданған
«20» 01 2023 ж. Хаттама №3

6B01402-«Алғашқы әскери және технологиялық, дene шынықтыру дайындық мұғалім» мемлекеттік түлектері корытынды аттестаттау теориялық және практикалық – дайындықтарын анықтауга и мүмкіндік беретін дайындық бағыты бойынша мемлекеттік емтиханды қамтиды.

Корытынды аттестаттаудың мақсаты: 6B01402-«Алғашқы әскери және технологиялық, дene шынықтыру дайындық мұғалім» Білім беру бағдарламасы бойынша оқытын түлектер мемлекеттің әр түрлі типтегі орта білім беретін мекемелерінде, техникалық, кәсіби білім беру мекемелерінде және косымша білім беретін әскери – техникалық мектептер мен патриоттық клубтарда, бастапқы әскери және технологиялық, спорттық дene шынықтыру дайындықтарынан педагогикалық үрдісті үйімдастыру және практикалық іс әрекетке дайындық деңгейлерін анықтау.

Корытынды аттестаттаудың міндеттері:

- Бітіруші түлектердің оқытушылық, ғылыми – зерттеу жұмыстарына дайындық деңгейін анықтау және бағалау;
- Бітіруші түлектердің педагогикалық, ғылыми – зерттеу қызметі дағдыларын оқыту, дамыту нәтижесінде алған теориялық және практикалық дағдыларын жүйелеу;

Негізгі Білім беру бағдарламаларын игеруді аяқтайтын мемлекеттік корытынды аттестаттау білім алушылар үшін міндетті корытынды аттестаттау болып табылады.

6B01402-«Алғашқы әскери және технологиялық, дene шынықтыру дайындық мұғалім» білім беру бағдарламасы бойынша мемлекеттік корытынды аттестаттау мемлекеттік кешенді емтихан қабылдаудан тұрады.

Мемлекеттік корытынды аттестаттауды білім алушылардың негізгі білім беру бағдарламаларын менгеру нәтижелерін мемлекеттік білім беру нәтижелерін мемлекеттік білім беру стандартының талаптарына сайkestігін айқындау мақсатында бекітілген мемлекеттік емтихан комиссиялары жүргізеді.

2. Корытынды аттестаттауға енгізілетін құзыреттіліктер:

Корытынды аттестаттау барысында білім алушылар келесі құзыреттіліктерінің қалыптасканын көрсетуі тиіс:

Әскери – патриоттық тәрбие шараларын құымдастыру және өткізу, педагогикалық үйрену қағидалары негізінде патриоттық тәрбиелеу саласындағы алған теориялық білімдері мен дағдаларын зерделейді;

- Отан қоргаушы жас адамдардың адамгершілік саяси психологиялық сапаларының қалыптасуларын және КР КК жарғысын ашады;
- КР КК әскери өнердің құрандас бөлімдерін арнаулы әскердің үрыс жүргізуудегі теориялық – тәжірибелік занылыштарын, үрыс жүргізу тәсілдерін, бөлімдер мен бөлімшелердің жауынгерлік ерекшеліктерін қамтиды;

2.1. Әмбебап (базалық) құзыреттіліктер (ӘК):

Әмбебап (базалық құзыреттілік) – маманның әмбебап, зияткерлік, коммуникативтік, эмоционалды және еріккүштік қасиеттерге (білім, дағдылар, қасиеттер мен қабілеттер) негізделген кәсіби міндеттер жиынтығын шешу қабілеті.

- абстрактілі ойлауга, талдауга, синтездеуге қабілетті;
- стандартты емес жағдайларда әрекет етуге, қабылданған шешімдер үшін әлеуметтік және этикалық жауапкершілікті көтеруге дайын;
- өзін-өзі дамытуға, өзін-өзі жүзеге асыруға, шығармашылық әлеуетті пайдалануға дайын

2.2. Жалпы кәсіптік құзыреттер (ЖҚҚ):

Жалпы кәсіби құзыреттілік-маманның кәсіби қызметті тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін ықпалдастырылған білім, дағдылар мен тәжірибе, сондай-ақ жеке қасиеттер негізінде кәсіби міндеттер жынытығын шешу қабілеті.

Жалпы кәсіби құзыреттілік-маманның кәсіби қызметті тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін ықпалдастырылған білім, дағдылар мен тәжірибе, сондай-ақ жеке қасиеттер негізінде кәсіби міндеттер жынытығын шешу қабілеті

- өзін-өзі дамыту және мансаптық өсу үшін өмір бойы жеке білім беру траекториясын құру, дene шынықтыру қуралдары арқылы толыққанды әлеуметтік және кәсіби іс-әрекетті камтамасыз ету үшін салауатты өмір салтына назар аудару;

- жеке қызметінде акпараттық-коммуникациялық технологиялардың әртүрлі түрлерін пайдалану: интернет-ресурстар, акпаратты іздеу, сактау, өндеу, корғау және тарату бойынша бұлттық және мобиЛЬДІ қызметтер;

2.3. Кәсіптік құзыреттер (КК):

Кәсіби құзыреттілік – маманның нақты білім, білік, дағды негізінде таңдалған қызмет саласындағы кәсіби міндеттер жынытығын шешу қабілеті:

Бастапқы әскери дайындық мамандығы саласында, соның ішінде арнайы педагогиканың әдістемелік негіздері мен категориялары бойынша білімі мен түсінік дағдыларын көрсету;

- түлектердің жасына байланысты анатомиялық, физиологиялық, психологиялық дамуының ерекшеліктері, бастапқы әскери дайындық әдістемесінің теориялық және әдістемелік негіздері;

- бастапқы әскери дайындық саласында үйымдастырушылық қабілеттерге ие болу, үйымдастырушылық – басқару шешімдерін табу және қабылдау қабілеттерін әр түрлі жағдайда іске асыра білу;

- бастапқы әскери дайындық саласында жоспарлау және үйымдастыру, оның мақсаттары мен міндеттеріне жүзеге асыру міндетті.

3. Қорытынды атtestаттау көлемі, құрылымы және мазмұны

Білім бағдарламасы бойынша қорытынды атtestаттау кешенді емтиханды тапсыру түрінде өткізіледі. Қорытынды атtestаттау кемінде 12 академиялық кредитті қурайды. ҚА үзактығы – 6 апта.

Білім беру бағдарламасы бойынша қорытынды атtestаттау кешенді емтиханды тапсыруға дайындық пен тапсыруды қамтиды.

- кешенді емтихан тапсыруға дайындық және тапсыру

3.1 Кешенді емтихан

Кешенді емтиханның мақсаты – түлектің кәсіби дайындық деңгейін және оның кәсіби қызметі саласындағы теориялық және практикалық мәселелерді шешуге қабілеттілігін анықтау.

Кешенді емтиханның мақсаты – түлектің кәсіби дайындық деңгейін және оның кәсіби қызметі саласындағы практикалық мәселелерді шешуге қабілеттілігін анықтау.

Кешенді емтихан ауызша өткізіледі. Кешенді емтихан алдында білім алушыларға қорытынды атtestаттауға шығарылатын мәселелер бойынша кенес беру жүргізіледі.

Кешенді емтихан бір кезең бойынша атtestаттау комиссияның ашық отырысында билеттер бойынша емтихан тапсыру арқылы өткізіледі. Билеттер бойынша емтихан өткізу кезінде емтихан тапсырушыға жауап беруге дайындалу үшін 1 сағат беріледі. Емтихан билетінің сұраптарына білім алушы көпшілік алдында жауап береді. АК мүшелері қарастырылып отырган тақырыптар бойынша білім алушының білім терендігін анықтау мақсатында косымша сұраптар коюға құқылы. Емтихан билетінің сұраптарына ауызша жауап беру үзактығы 30 минуттан аспауы тиіс. Емтиханға жауап беруге дайындық барысында осы

ҚА бағдарламасын және осы бағдарламаның 3.3-тармағында көрсетілген әдебиеттерді пайдалануға рұқсат етіледі.

3.2 Кешенді емтихан сұрақтары:

1. Жеке тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға, тәрбиелеуге әсер ететін факторлар және олардың әртүрлі жастағы топтарда көріні
2. Тәрбиенің мақсаты, оның әлеуметтік тұрғыдан негізделуі.
3. Тұтас педагогикалық үдерістегі тәрбиенің мәні мен мазмұны
4. Тәрбие үдерісінің әдістері, құралдарының жүйесі
5. Жаңартылған білім беру бағдарламасының мақсаты мен міндеті
6. Жаңартылған білім беру бағдарламасына кіріспе
7. Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі.
8. Тиімді оку және оқыту
9. Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты
10. Топтық жұмыстың тиімділігі
11. Жалпы білім беру мектептерінде алғашқы әскери дайындықты оқыту әдістемесі.
12. Әлеуметтік – лингвистикалық жүйе
13. Критерналды бағалау жүйесінің мақсаты
14. Тілдік дағдылар: айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым түрлері
15. Окушылардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру
16. Бұйрық (өкім) оларды беру, орындау және бақылау тіртібі
17. Қазақстан Республикасын қорғау- әрбір азаматтың қасиетті борышы мен парызы – КР заны
18. Қазақстан Республикасының Конституциясы кай уақытта (жылы, айы, күні) күшіне енді
19. Қазақстан Республикасының Қорғанысы және Қарулы күші жөнінде, Заны
20. Қазақстан Республикасының Қарулы Қүштерінің тәрбие жұмысындағы негізгі мақсаты
21. Жаңартылған білім беру бағдарламасының мақсаты мен міндеті
22. Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша дарынды оқушылармен жұмыс
23. Окушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес білім беру және оқыту
24. Б.Блум таксономиясы бойынша бағалау критерийлерін бөлу
25. Білім беруде ақпараттық - коммуникациялық технологияларды пайдалану
26. Тілдік дағдылар: айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым түрлері
27. Жаңартылған білім беру мазмұнында сарапап оку
28. Критерналды бағалаудың құрылымы
29. Жаңартылған білім беру жағдайында инклюзивті оқытудың ерекшеліктері
30. Критерналды бағалаудың қағидаттары

31. Қазақстандағы қазіргі заманғы қоғамдық – саяси ахуал.
32. Әскери-патриоттық клубтың негізгі мақсаты мен міндеті.
33. Қоғамдық идеялдық консолидация – Қазақстанның өркениетенуінің шарты.
34. Прогресс шартты ретінде Қазақстанның идиялық қоғамның топтасуы.
35. Бауыржан Момышұлының әскери мұрасы.
36. Қазақстан Республикасының мемлекеттік концепциясының бір бағытының қалыптасуы.
37. Жауынгерліктің мәні мен еңбек дәстүрлері және олардың тәрбиелік маңызы
38. Алғашқы әскери дайындық барысында әскери-патриоттық тәрбиелеудың негізгі бағыттары
39. Қазіргі қоғамдағы әскери – патриоттық тәрбиенің орны

- 40. Жоғарғы оқу орындағы жастардың интернационалдық тәрбиелеу ерекшелігі.
- 41. Қазақстан армиясының әскери дәстүрі – окушыларды әскери-патриоттық білім беру факторы.
- 42. Әскери-патриоттық тәрбиенің негізгі рухани-өнегелілік қағидаттары мен бағыттары.
- 43. ҚР ҚК батырлық дәстүрлерімен окушыларды патриотқа тәрбиелеу.
- 44. Әскери патриоттық жұмыс уақытында негізгі педагогикалық талаптар.
- 45. Қоғамдық-саяси оқулар, соғыс және енбек ардагерлерімен кездесу кештері, тақырыптық ақпаратты үйімдастыру және өткізу
- 46. ҚР ҚК тәриелік жұмыстардың негізгі бағыттары.
- 47. Жастарды әскери-патриоттық тәрбиелеу жөніндегі нормативтік құжаттар.
- 48. Жастрады халықтық дәстүрлер өнегесінде патриотизмге тәрбиелеу.
- 49. Қорғаныс істер жөніндегі департаменттер мен басқармалардың әскери патриоттық тәрбие жұмыстары.
- 50. Жастарға патриоттық тәрбиеберудегі мемлекеттік концепцияның негіздері
- 51. Прогресс шартты ретінде Қазақстанның идіялық қоғамның топтасуы.
- 52. Әскери-патриоттық жұмыстың мақсатымен міндеттері.
- 53. Халықтың жауынгерлік және енбек дәстүрлерінің негізінде жастарды тәрбиелеу.
- 54. Әскери патриоттық клуптардың үйіміна қойылатын талаптар.
- 55. Әскери-патриоттық тәрбие берудің ерекше қойылатын негізгі талаптарды жоспарлау
- 56. Оқу процессы кезінде әскери-отан сүйгіштікке тәрбиелеу.
- 57. Әскери-патриоттық жұмыстың мақсаты мен міндеті.
- 58. Қазақстанның қазіргі қоғамдағы саяси жағдайы.
- 59. Жастарды патриоттық және әскери-патриоттық тәрбиелеуді жетілдірудің негізгі бағыттары
- 60. ҚР әскери доктринасында патриоттық және жастарды әскери-патриоттық тәрбиелеуді жетілдірудің негізгі бағыттары.

Тактикалық дайындық

- 1 Қазіргі жалпы әскери ұрыстың мәні
- 2 Тактика және тактикалық дайындық міндеттері
- 3 Барлаудың міндеті, мақсаты және сипаттамалары
- 4 Бакылау арқылы барлау жүргізуіндегі тәсілдері
- 5 Қазіргі жалпы әскерлік ұрысы жүргізуіндегі қағидалары
- 6 Қарулы қақтығыстағы арнайы әскери іс – қимылдар
- 7 Қарсыласты және жергілікті жерді барлау жүргізу тәсілдерінің ең көп тараған түрі
- 8 Ұрыстың әрекет негіздері және мотоатқыш бөлімшесінің үйімдастырылуы
- 9 Қазіргі заманғы ұрыстың сипаттамасы және оның түрлері
- 10 Тактиканың дамуына үлес қосқан әскери колбасшылар

Атыс дайындық

- 1 Атыс дайындықтың мақсаты және міндеттері
- 2 Атыс негіздерінде атыс күбылыштары
- 3 Баллистиканың ішкі көрінісі
- 4 Баллистиканың сыртқы көрінісі
- 5 Атыс және оның кезеңдері
- 6 Атыс жүргізілгенде оқтың, шашырауы
- 7 Оқтың ауада ұшуы, физикалық күбылыштар

- 8 Соққы-ағытқыш механизімнің атқаратын қызметі
- 9 Ұнғы арнасынан оққа түсірілетін ең жоғары қысым күші
- 10 Траектория және оның элементтері.

Азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар

- 1 Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан ядорлық синақ полигондары
- 2 Азаматтық қорғаныс және Төтенше жағдайлар, міндеттері, мақсаттары
- 3 КР-ның ТЖ министрлігінің рөлі, негізгі ұйымдастырылу структурасы
- 4 Тактикалық класификация бойынша улағыш заттардың болінуі
- 5 Азаматтық қорғаныс күрьымдарының негізгі түрлері

Әскери – инженерлік дайындық, әскери топография, басқару және байланыс

- 1 Масштабы 1:100000 болған картадағы елді мекендердің арақашықтығы 4 см. Жергілікті жердегі олардың ара қашықтығы.
- 2 Картография және географияның ғылыми деректері кай елден бастау алды
- 3 Жердің диаметрін өлшеген ғалым (Диаметрі)
- 4 Жердің пішіні мен мөлшерін анықтауда, оның бетін картада белгілеуде, сондай-ақ инженерлік жұмыстарды жобалауда, жүргізуде және оны пайдалануда қолданылатын ғылым.
- 5 Атаулық масштаб 1см = 250 км болса, сандық масштабы

3.3 Кешенді емтиханда пайдалануга рұқсат етілген әдебиеттер тізімі

1. “Білім туралы” КР Заңы. Астана қ. 2022 ж. өзгеріс енгізілді.
2. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың арналған мемлекеттік бағдарламасы. 11 қазан 2014 ж.
3. Қазақстан Республикасының әскери доктринасы, 21.03. 2011 ж.
4. Қазақстан Республикасының «Қазақстан - 2030» стратегиялық бағдарламасы, 2021 ж.
5. Общевоинские уставы Вооруженных Сил Республики Казахстан.
6. Общевоинские уставы Вооруженных Сил СССР.
7. Методика начального военного обучения. И.Г.Назимка, Ф.Е.Штыкало.
8. Проведение занятий по начальной военной подготовке. П.М.Брысин, М.П.Калинин
9. Строевой Устав ВС РК.
10. Методика строевой подготовки. Апакидзе А.Б., Дуков И.И. Алматы, 2020 ж.

3.4. Кешенді емтиханға дайындық бойынша білім алушыларға ұсыныстар:

Кешенді емтихан арнайы құрастырылған сұраптар бойынша білім алушының білім терендігін анықтау максатында жүргізіледі. Емтихан барысында білім алушыға билетінің сұраптарына дайындалу үшін ұзактығы 30 минут беріледі.

Кешенді емтихан алдында арнайы шолу дәрістер кестесі жасақталып жүргізіледі.

Кешенді емтиханға кешігіп немесе белгілі бір себептермен қатынаса алмаған бітірүші түлек кайта тапсыру үшін мемлекеттік аттестаттау комиссиясының төрағасына арнайы етініш жазады, комиссия шешім шығарады.

3.5. Кешенді емтихан тапсыру нәтижелерін бағалау критерийлері

Емтихан билетінің сұраптарына жауапты бағалау кезінде оны бағалаудың келесі критерийлері пайдаланылады: Сұрак бойынша нақты материалды білу:

- Сұраптарда көрсетілген ғылыми ұғымдар мен процестердің мәнін дәлелдей және түсіндіре білу
- Статистикалық мәліметтерді, әдеби дереккөздерді, ғылыми әдістерді пайдалана білу;
- Жауп берілген сұрак бойынша нақты корытынды жасай білу.

Кешенді емтихан кезінде бітірушінің жауабын бағалау кезінде комиссия респонденттің белгілі бір экономикалық категорияларды қалай түсінетінін және олармен қалай әрекет етуді білетінін бағалайды, нақты экономикалық проблемаларды талдайды, онын ойлауды, дәлелдеуді, белгілі бір позицияны корғауды, анықтамаларды түсіндіруді біледі. Осылайша, есте сактау мен түсінудің акылға қонымды үйлесімі, оку акпаратын және ой жұмысын қарапайым жаңғырту қажет.

Мемлекеттік емтиханды тапсыру кезінде сақталуы тиіс келесі бағалау критерийлерін бөлуге болады:

- сұрақтарға жауаптардың мәнділігі (идеяларды, тұжырымдамаларды, фактілерді және т.б. дұрыс, анық және жеткілікті терең баяндау);
- жауаптың толықтығы және сонымен бірге негізделген кысқалығы;
- оку акпаратының жаңалығы, ғылыми және нормативтік дереккөздерді пайдалану және түсіну дәрежесі;
- теорияны практикамен байланыстыра білу, алған білімдерін ерекше жағдайларда шыгармашылықпен қолдана білу;
- баяндау логикасы мен аргументі;
- сауатты пікір айтуды, мысалдар көлтіруде, аналогиялар көлтіруде;
- сөйлеу мәдениеті

Білім алушылардың білімі, біліктілігі мен дағдылары келесі жүйе бойынша бағаланады

Әріптік жүйе бойынша бағалау	Сандық балама	Баллдары (%-дық мазмұны)	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	Қанагаттанарлық
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	Қанагаттанарлықсыз
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	Қанагаттанарлықсыз
D-	1,0	50-54	
FX	0,5	25-49	Қанагаттанарлықсыз
F	0	0-24	

Дәстүрлі (төрт баллдық) жүйе	Бағалау критерийі	Бағалау критерийінің мазмұны
Өте жақсы	Күзыреттерді дамытудың жоғары деңгейі	Менгерген күзыреттері. Студент оқыған, алған білім әдістері мен тәсілдер және технологиялар негізінде мәселені/тапсырманы өз бетінше шеше алады.
Жақсы	Күзыреттердің даму деңгейінің жоғарылауы	Менгерген күзыреттері. Студент алған білімінің толықтығын көрсетеді, берілген тапсырмаларды толық көлемде шешу дағдылары мен қағидаларын көрсетеді.
Қанагаттанарлық	Күзыреттерді дамытудың негізгі деңгейі	Менгерген күзыреттері. Студент күзыреттердің күрамына кіретін жалпы білім, білік және дағдыларды көрсетеді, оларды колдану туралы түсінігі бар, бірақ кателермен қолданады.
қанагаттанарлықсыз	Мәлімделген күзыреттер игерілмеген	Студентте қажетті білім, білік, дағды жок немесе күзыреттердің күрамына кіретін білім, білік және дағдыларды ішінара көрсетеді.

3.6. Мүгедектер мен денсаулық мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін корытынды аттестаттауды өткізу ерекшеліктері

Мүмкіндігі шектеулі білім алушылардың ҚА-ны ұйымдастыру олардың психофизикалық даму ерекшеліктерін, жеке мүмкіндіктері мен денсаулық жағдайын ескере отырып жүзеге асырылады және:

- денсаулық мүмкіндіктері шектеулі емес білім алушылармен бірлесіп;
- білім алушыға оның жеке ерекшеліктерін ескере отырып, қажетті техникалық көмек көрсететін асистенттің катысуымен (жұмыс орнына отыру, қозғалуы, тапсырманы оқу және ресімдеу, АҚ мүшелерімен қарым-қатынас жасау);
- білім алушыға оның жеке ерекшеліктерін ескере отырып, қажетті техникалық құралдарды пайдалана отырып;
- аудиторияда, әjetханада және басқа да орынжайларда білім алушының кедегісіз колжетімділік мүмкіндігін қамтамасыз ете отырып, сондай-ақ оның көрсетілген орынжайларда болуы (пандустардың, тұтқалардың, кенейтілген ойықты есіктерінің, жеделсатыларының болуы/аудиторияның бірінші қабатта орналасуы, арнайы креслолар мен баска да құрылғылардың болуы).

Денсаулық мүмкіндігі шектеулі білім алушының жазбаша өтініші бойынша ҚА-ны тапсыру ұзақтығы оны тапсырудың белгіленген ұзақтығына қатысты ұзартылуы мүмкін.

ДМШ білім алушылардың жеке ерекшеліктеріне байланысты Университет корытынды аттестаттауды өткізу кезінде келесі талантардың орындалуын қамтамасыз етеді:

1) загиптар үшін:

- ҚА тапсыруға арналған тапсырмалар мен өзге де материалдар бедерлі-нұктелі Брайль шрифтімен немесе загиптарға арналған мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз етуі бар компьютердің көмегімен колжетімді электрондық құжат түрінде ресімделеді не асистент оқиды;
- жазбаша тапсырмаларды білім алушылар қағазда Брайль бедерлі-нұктелі қаріппен немесе загиптарға арналған арнайы бағдарламалық қамтамасыз ету бар компьютерде орынданады немесе асистентке нұскай береді;
- қажет болған жағдайда білім алушыға Брайльдің бедерлі-нұктелі грифтімен жазуга арналған жазбаша керек-жараптар жиынтығы және қағаз, загиптарға арналған мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз етуі бар компьютер беріледі.

2) нашар көретіндер үшін:

- ҚА тапсыруға арналған тапсырмалар мен өзге де материалдар үлкейтілген қаріппен ресімделеді;
- кем дегенде 300 люкс жеке біркелкі жарықтандыру қамтамасыз етіледі;
- қажет болған жағдайда білім алушыға үлкейту құрылғысы беріледі, білім алушыда бар үлкейту құрылғыларын пайдалануға жол беріледі.

3) естімейтіндер және нашар естітіндер үшін, сейлеу қабілеті нашар:

- ұжымдық пайдаланудағы дыбыстық күшеттетін аппаратураның болуы қамтамасыз етіледі, қажет болған жағдайда білім алушыға жеке пайдаланудағы дыбыстық күшеттетін аппаратура беріледі;
- білім алушының қалауы бойынша ҚА жазбаша формада өткізіледі.

4) тірек-кимыл аппараты бұзылған адамдар үшін (жоғарғы аяқ-қолдардың қозғалыс функциялары ауыр бұзылған немесе жоғарғы аяқ-қолдардың болмауы):

- жазбаша тапсырмаларды білім алушылар мамандандырылған бағдарламалық жасактамасы бар компьютерде орынданады немесе асистентке айтады.

Денсаулық мүмкіндігі шектеулі білім алушы ҚА өткізу басталғанға дейін 2 айдан кешіктірмей өзінің жеке ерекшеліктерін көрсете отырып, ҚА өткізу кезінде оған арнайы жағдайлар жасау қажеттілігі туралы университеттің Басқарма төрағасы-ректорының атына жазбаша өтініш береді. Өтінішке білім алушының жеке ерекшеліктерінің бар екенін растайтын құжаттар қоса беріледі. Өтініште білім алушы: ҚА-га асистенттің болу қажеттілігін/қажеттілігі жоқтығын; ҚА тапсыру ұзақтығын ұлғайту қажеттілігін/қажеттілігі жоқтығын көрсетеді